**AP19678453 «Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-мәдени өзгерісі жағдайында студент жастар арасындағы этносаралық қақтығыстардың алдын алуды институционалдық реттеу» - ғ.ж. Шорманбаева Д. Г.**

***Өзектілігі***

Қазақстандық қоғам үшін қазіргі әлемдегі ең Көпмәдениетті және көпэтносты қоғам ретінде ұлтаралық қарым-қатынас тек ғылыми зерттеулерге арналған термин, категория ғана емес, өркениеттік қауіпсіздіктің өмірлік маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі Қазақстан көпқұрылымды қоғам ретінде қалыптасты және XXI ғасырдың басында этникалық ұжымдардың қазақстандық саяси ұлтқа интеграциялану мәселелерін шешуді жалғастыруда.

Әлемдік өркениетті дамыту жолында қазақстандық қоғамның жаңа өмір сапасына қарай қозғалысы ішкі тұрақтылықсыз және қатынастардың барлық деңгейлерінде ұлтаралық келісімді шоғырландырусыз, сақтаусыз және нығайтусыз мүмкін емес. Осы жазықтықта еліміздің даму парадигмасының өзгеруі, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғырту жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген. Бұл жоба «Ұлттық рухани жаңғыру» Ұлттық жобасының «Қазақстандық бірегейлікті және зияткерлік әлеуетті дамытудың» 1-міндетін іске асыруға жәрдемдесуге бағытталған.

Студент жастар-бұл әлеуметтік-мәдени және азаматтық жетілудің қалыптасуы мен даму процесінде тұрған әлеуметтік-демографиялық топ. Жастардың әлеуметтік қатынастар жүйесіне әлсіз қатысуы, алдыңғы ұрпақтың көзқарастары мен стереотиптерін сақтау олардың сәйкестендіру мен оқшаулануға, келісімпаздық пен мойындамауға деген тартымдылығын тудырады. Сондықтан жастар ортасындағы этносаралық өзара іс-қимылға ерекше назар аудару қажет. Ғылыми зерттеу Қазақстандағы этносаралық қақтығыстардың алдын алуға және біздің ойымызша, толерантты көзқарастарды, ынтымақтастық пен өзара сыйластық құндылықтарын қалыптастырудың ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылатын институционалдық реттеу тетіктері арқылы олардың алдын алуға бағытталған.

***Жобаның мақсаты***

Білім беру жүйесі мен қоғамдық ұйымдар арқылы қазақстандық қоғамның әлеуметтік мәдени трансформациясы жағдайында студент жастар арасында этносаралық қақтығыстардың алдын алуды институционалдық реттеудің тиімді жолдарын әзірлеу.

***Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер***

1. «Этносаралық қақтығыстардың алдын алуға арналған инновациялық педагогикалық технологиялар» әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, ЖОО-ның тәрбие процесіне енгізілді.

Әдістемелік ұсынымдар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбие қызметімен айналысатын кураторларға, педагог қызметкерлерге, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер оқытушыларына, сондай-ақ педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінің тыңдаушыларына көмек ретінде әзірленді.

23.09.24 №3 енгізу актісі алынды.

Жұмыс аяқталды.



Некоммерческое акционерное общество
«Карагандинский технический университет
имени Абылкаса Сагинова»

Шорманбаева Д.Г., Смирнова Г.М., Готтинг В.В.,
Шебалина О.А., Шарипова Р.М., Тусупбеков Ж.А.

**Методические рекомендации:
«Инновационные педагогические
технологии для профилактики
межэтнических конфликтов»**

**Содержание**


| | | |
|---|---|---|
| | Введение | 4 |
| 1 | Инновационные педагогические технологии в образовательной деятельности вуза для профилактики межэтнических конфликтов | 5 |
| 1.1 | Креативные технологии в образовании | 6 |
| 1.2 | Коллаж как арт-технология | 11 |
| 1.3 | Интерактивные технологии | 15 |
| 1.4 | Информационно-коммуникационные технологии | 44 |
| 2 | Роль куратора в профилактике межэтнических конфликтов | 61 |
| | Заключение | 66 |
| | Список используемых источников | 67 |


**1-сурет** – Методическая рекомендация «Этносаралық қақтығыстардың алдын алуға арналған инновациялық педагогикалық технологиялар»

2. 15 - 20 қазан 2024ж. PhD Шорманбаева Д.Г., Шебалина О.А., Тусупбеков Ж.А., посетили Офис ERASMUS Marmara University (Стамбул, Түркия), Prof. Dr. Veysel Bozkurt , Prof. Dr. Hayati TÜFEKÇİOĞLU, Prof. Dr. NURİ TINAZ ғалымдармен сындарлы әңгіме өтті; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD ғалымы Н.О. Байғабыловпен Istanbul University-де кездесу өткізілді. Сапардың мақсаты: этносаралық келісім мен бірлікті нығайту бойынша тәжірибе алмасу; халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту және бірлескен әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу.








**2-сурет** –Prof. Dr. Veysel Bozkurt , Prof. Dr. Hayati TÜFEKÇİOĞLU, Prof. Dr. NURİ TINAZ ғалымдарымен әңгіме; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD ғалымы Н.О. Байғабыловпен Istanbul University-де кездесу өткізілді

3. Авторлары: Шорманбаева Д.Г., Готтинг В.В., Смирнова Г.М., Шебалина О.А., Шарипова Р.М., Тусупбеков Ж.А. «Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы жағдайындағы этносаралық қатынастар» оқу құралы әзірленіп, ISBN 978-601-82132-0-5 «PIGASO» ЖШС-де жарық көрді.

04.11.2024 ж. №4 университеттің білім беру процесіне оқу құралын енгізу актісі алынды. Оқу құралының мазмұны студенттік ортадағы этносаралық қақтығыстардың алдын алуға бағытталған «Саясаттану», «Әлеуметтану», «Мәдениеттану», «Психология» оқу пәндерінің мазмұнын жаңартуға мүмкіндік берді.

ҚР авторлық құқығымен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік алынды. Объектінің атауы «Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы жағдайындағы этносаралық қатынастар» №51347 12.11.2024 ж. авторлары: Готтинг В.В., Шорманбаева Д.Г., Смирнова Г.М., Шебалина О.А., Шарипова Р.М., Тусупбеков Ж.А.



Некоммерческое акционерное общество
«Карагандинский технический университет
имени Абылкаса Сагинова»

Шорманбаева Д.Г., Смирнова Г.М., Готтинг В.В.,
Шарипова Р.М., Шебалина О.А., Тусупбеков Ж.А.

Межэтнические отношения в условиях
социокультурной трансформации
казахстанского общества

УДК 323.1 (574)
ББК 66.3 (5Каз)6
М 43

Рецензенты:
А.А. Кейсенова, – PhD по социологии, ассоциированный профессор кафедры политологии и социологии, НАО «Карагандинский университет имени Е.А. Букетова»;
Н.Ж. Сарсенбеков, – PhD, старший преподаватель кафедры «Ассамблея народа Казахстана и социально-гуманитарные дисциплины» НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова»

М 43 Межэтнические отношения в условиях социокультурной трансформации казахстанского общества: учебн. пос. / Д.Г. Шорманбаева, Г.М. Смирнова, В.В. Готтинг, О.А. Шебалина, Р.М. Шарипова, Ж.А. Тусупбеков; НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова». – Караганда: ТОО «PEGASO», 2024. – 108 с.
ISBN 978-601-82132-0-5

В учебном пособии раскрыты содержание, основные направления и перспективные задачи Государственной политики в сфере межэтнических отношений РК; структурированы и обобщены существующие методологические теории институционального регулирования межэтнических отношений; приведены результаты исследований ценностных установок в контексте национальной идентичности и образовательного процесса среди студенческой молодёжи; определены пути эффективного институционального регулирования профилактики межэтнических конфликтов в студенческой среде.

Учебное пособие адресовано кураторам, педагогическим работникам, занимающимся воспитательной деятельностью в организациях высшего и послевузовского образования/колледжах, преподавателям социально-гуманитарных дисциплин, а также слушателям системы повышения квалификации педагогических кадров, специалистов КГУ «Қоғамдық келісім» управления внутренней политики Карагандинской области.

Издание учебного пособия финансировалось Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № AP19678453).

УДК 323.1 (574)
ББК 66.3 (5Каз) 6
М43

ISBN 978-601-82132-0-5

Содержание


Введение ... 4
1 Государственная политика в сфере межэтнических отношений РК ... 5
Список использованной литературы ... 9
2 Методологическая основа институционального регулирования межэтнических отношений ... 11
Список использованной литературы ... 27
3 Межэтнические конфликты: пути по сохранению и укреплению межэтнического согласия ... 29
Список использованной литературы ... 49
4 Ценностные установки в контексте национальной идентичности и образовательного процесса среди студенческой молодёжи ... 50
5 Пути эффективного институционального регулирования профилактики межэтнических конфликтов в студенческой среде ... 83
Список использованной литературы ... 102
Заключение ... 103
Приложение ... 105


**3-сурет** – «Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы жағдайындағы этносаралық қатынастар» оқу құралы

4. «Мәдениетаралық диалог» цифрлық платформасын құру бойынша техникалық тапсырма әзірленді.

Цифрлық платформа тұжырымдамасы шеңберінде негізгі бөлімдер айқындалды: басты бет, жоба туралы, оқыту, онлайн консультант, жеке кабинет, бөлімдердің құрылымдық өзара байланыстары мен негізгі функционалы белгіленді. Платформаның функционалдығы пайдаланушы профильдерін тіркеуді және қолдауды қамтамасыз етуге, мәдени тақырыптарды талқылау үшін жеке хабарламаларды, форумдар мен қызығушылық топтарын қоса алғанда, хабарламалармен алмасуға бағытталған; білім беру ресурстары, соның ішінде интерактивті курстар және материалдар кітапханасына қол жетімділік; вебинарлар мен іс-шаралар; пайдаланушылар пікірлер мен идеялармен бөлісе алатын өзекті мәдени мәселелер бойынша ашық пікірталас алаңдары.

Платформа ішіндегі пайдаланушылардың өзара әрекеттесуін анықтайтын пайдаланушы сценарийлері жасалды. Жүйе асәулетінің клиенттік және серверлік бөліктеріне қойылатын талаптар белгіленді, негізгі компоненттер анықталды: пайдаланушы интерфейсі мен функционалдығын қоса алғанда, клиенттік бөлік (Frontend), серверлік бөлік (Backend) – API, мәліметтер базасы және логика қосымшасы. Аутентификация жүйелерін қоса алғанда, технологияларды таңдау жүзеге асырылды, сәулеттік үлгілер, оның ішінде микросервистік сәулет анықталды. Төлем жүйесін қоса алғанда, үшінші тарап қызметтерімен интеграция қарастырылған. Қауіпсіздік пен құпиялылыққа қойылатын талаптар анықталды. Платформаның негізгі бөлімдерінің дизайны жасалды. Көрнекі ақпаратты таңдау жүзеге асырылды (баннердің суреті, логотип, бөлімдердің дизайны).

Жұмыс жалғасуда.

***Зерттеу тобы***

***1.*** Шорманбаева Динара Госмановна (жоғары білім, PhD докторы) «Қазақстан халықтары Ассамблеясы және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі; Хирша Индексі = 1, Scopus Author ID 56073522400; ORCID= 5607-3522-400

2. Смирнова Галина Михайловна (жоғары білім, педогогика ғылымдарының кандидаты, доцент) Инженерлік педагогика орталығының басшысы; Хирша Индексі = 1 Scopus Author ID 57208045259 ORCID= 0000-0003-2980-8700

3. Готтинг Валентина Владимировна (жоғары білім, педогогика ғылымдарының кандидаты, доцент) «Қазақстан халықтары Ассамблеясы және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» кафедрасының доценті; Хирша Индексі = 1 Scopus Author ID 57189024743 ORCID= 0000-0002-0490-7289

4. Тусупбеков Жаркын Амантаевич (жоғары білім, гуманитарлық білімдер магистрі) «Қазақстан халықтары Ассамблеясы және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, Хирша Индексі = 1, Scopus Author ID 57219244724 ORCID https://orcid.org/0000-0002-5885-5082

**5.** Шебалина Ольга Андреевна (жоғары білім, кәсіптік оқыту магистрі) «Әлеуметтану» білім беру бағдарламасының докторанты, Инженерлік педагогика орталығының кіші ғылыми қызметкері, Хирша Индексі = 1, Scopus Author ID 57207845776ORCID https://orcid.org/0000-0001-7641-2528

6. Шарипова Руфина Мнировна, (жоғары білім, әлеуметтану бакалавры, философия ғылымдарының магистрі). «Қазақстан халықтары Ассамблеясы және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы ORCID= https://orcid.org/0000-0002-0526-3278

7. Амиров Азамат Жанбулатович (жоғғары білім, PhD докторы) Трансформацияны қамтамасыз ету департаментінің директоры, Хирша Индексі = 2, Scopus Author ID 57204729952; ORCID= 0000-0002-5895-7185

***Әлеуетті пайдаланушыларға арналған ақпарат***

Алынған нәтижелер әртүрлі деңгейдегі әкімдіктердің ішкі саясат департаменттерінің мемлекеттік қызметшілерінің, ҚХА ұлттық мәдени орталықтарының басшыларының, жастар ұйымдарының басшыларының, жоғары оқу орындары мен колледждердің тәрбие жұмысы жөніндегі жауапты тұлғалардың қызметінде саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану бойынша арнайы курс ретінде пайдаланылуы мүмкін.

***Қолдану саласы***

Оқу-әдістемелік сүйемелдеу жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқытушыларының біліктілігін арттыру жүйесінде және оқу-тәрбие процесінде, сондай-ақ этносаралық келісім идеясын ілгерілету мақсатында жобаның алынған нәтижелерін коммерцияландыру шеңберінде пайдаланылуы мүмкін.

Оқу құралын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында/колледждерде тәрбие қызметімен айналысатын кураторлар, педагог қызметкерлер, этносаралық қатынастар проблемаларына қызығушылық танытатын әлеуметтік-гуманитарлық пәндер оқытушылары пайдалана алады.

Әзірленген «Мәдениетаралық диалог» цифрлық платформасы қоғамның қажеттіліктері мен сұраныстарына жауап беретін және этносаралық шиеленісті азайту мақсатында этносаралық қақтығыстардың алдын алу, мәдениетаралық диалогтар, конференциялар, пікірталастар өткізу саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына бағдарланған коммуникативтік көпмәдениетті кеңістік рөлін атқаратын жаңа әлеуметтік-мәдени орта элементтерінің интеграторы ретінде әрекет ететін болады.

Алынған нәтижелер осы бағыттағы ғылыми зерттеулерді жалғастыру үшін платформа ретінде пайдаланылуы мүмкін. Өзектендірілген әдіснамалық негіз ұсынылған проблеманы қазіргі Қазақстанның ерекшелігін ескере отырып жаңа әлеуметтік мәдени форматта қарауға мүмкіндік береді және практикаға бағдарланған сипатқа ие болады.

*Ақпаратты жаңарту күні: 08.11.2024 ж.*